

Түркістан облысының денсаулық сақтау басқармасының Түркістан облысы денсаулық сақтау басқармасының «Ақ-бұлақ» облыстық балалар оңалту орталығы» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне жүргізіліп жатқан ішкі талдау нәтижелерін алдын ала жария талқылау мақсатында өткізілген жиын

### № 1 хаттама

Қараағшты ауылы

Өткізілген күні: 28.07.2023 ж.

Қатысқандар: 21 адам

Жұмыс тобының жетекшісі: А.С.Сугралиева

#### Күн тәртібі:

1. Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне жүргізіліп жатқан ішкі талдау нәтижелерімен таныстыру
2. Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау нәтижелері бойынша жазылып жатқан талдамалық анықтаманы талдау

#### Тыңдалды:

Бірінші мәселе бойынша жұмыс тобының жетекшісі А.С.Сугралиева Ішкі талдау барысы және нәтижелері туралы есепті назарға алуды сұрады. "Ақ бұлақ" облыстық балалар оңалту орталығында Қазақстан Республикасының «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» 2015 жылғы 18 қарашадағы №410-V Заңының 8 бабы 5- тармағына және «Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізудің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі (Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет) төрағасының 2023 жылғы 16 ақпандағы №21 бұйрығына сәйкес сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу мақсатында жұмыс тобы мен іс-шара жоспары бекітілгенін, сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау бағыты бекітілген үлгілік қағидаға сәйкес қамтылғанын, іс-шара жоспары мен ішкі талдау жүргізу кезеңі 2023 жылдың маусым айының 23 мен тамыз айының 07 күндері аралығы етіп бекітілгенін хабарлады. Ішкі талдау төмендегі бағыттар бойынша жүзеге асырылды:

1. Персоналды басқару, соның ішінде сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне шалдыққан лауазымдардың тізбесін айқындау;
2. Мемлекеттік қызметтер көрсету;
3. Бюджет және қаржы қаражатын игеру және бөлу;
4. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс қимыл жөніндегі жұмысты ұйымдастыру;



Қамтылған бағыттар бойынша анықталған кемшіліктер мен ұсыныстармен таныстырды.

Екінші мәселе бойынша сыбайлас шамшырақ газтінің редакторы М.Калтаев жемқорлыққа жол берілмеу үшін мекеме басшысы ашық әрі жария жұмыс жасау қажет екендігін ескертті, сонымен қатар жұмыс тобының атқарып жатқан жұмысын құптарлық деп тапты. Сыбайлас жемқорлық тәуекелін болдырмауға бағытталғанын, яғни дұрыс екендігін және жемқорлықпен күрес жүргізудің бірден бір шарты – ол таза әрі адал еңбек ету екендігін ерекше атап өтті.

«Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жасау сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау субъектісінің бірінші басшысына қарауға ұсынылады. Тиісті ұсынымдар жасалады; мысалы құқықтық актілерді немесе ішкі құжаттарды әзірлеу және қабылдау, оларға сыбайлас жемқорлық факторларын жоюға бағытталған өзгерістер енгізіледі, лауазымды тұлғалардың өкілеттіктерін нақтыланады, объектінің қызметіне бақылау жасалады.

Сонымен қатар, күзіретті мемлекеттік органдар тарапынан шаралар қабылдауды көздеген жағдайда оларға тиісті хаттар жіберіледі, бірлескен іс-шаралар өткізу ұсынылады.

Жиналысқа қатысушылар кәсіпорында жүргізіліп жатқан ішкі талдау жұмыстарының барысымен, талдамалық анықтамамен жан-жақты танысты, жұмыс тобының жұмысын қанағаттанарлық деп тапты.

#### **Қаулы :**

1. Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне жүргізіліп жатқан ішкі талдау жұмыстары жүйелі әрі үздіксіз жүргізілсін. Орындалуы кәсіпорынның комплаенс-офицері А.С.Сугралиеваға жүктелсін
2. Ұжымның ішінде Қазақстан Республикасының заңнамаларымен таныстыру жұмыстары жүйелі түрде жүргізілсін. Орындалуы комплаенс-офицері А.С.Сугралиеваға жүктелсін.
3. Осы жиналыстың барысы туралы мәлімет кәсіпорынның сайтында және әлеуметтік желідегі парақшаларына жариялансын.

Жиналыс төрайымы: \_\_\_\_\_  \_\_\_\_\_ Сугралиева А.С.

Хатшы: \_\_\_\_\_  \_\_\_\_\_ Махмутова М.